

**Шымкент қаласы білім басқармасының «Әдістемелік орталығы» КММ
мен «Алтын Ұя» ЖШС ғылым-білімді қолдау орталығы арасындағы
ынтымақтастық туралы**

МЕМОРАНДУМ

Осы ынтымақтастық туралы Шымкент қаласы білім басқармасының «Әдістемелік орталығы» КММ-і және қолдау орталығы", директор Айтбаева Шолпан Сапарбайқызы және «Алтын Ұя» ЖШС ғылым-білімді қолдау орталығы, директоры Жарқынбек Төлтебай Қастайұлы (бұдан әрі «Тараптар» деп аталады) арасындағы қатынастарды белгілейді.

1. Меморандумның мақсаты

1.1. Осы Меморандумның мақсаты – жалпы білім беру ұйымдарының оқушылары мен мектеп мұғалімдерінің білім деңгейін арттыру, дарынды балаларды анықтау және олардың қабілеттерін дамыту, оқу процесінде оқушылардың қызығушылығын арттыру және тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау. Сонымен қатар, мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру, әдістемелік білімдерін кеңейту және олардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған жобаларды жүзеге асыру. Тараптар бірлесіп, білім беру саласында оқушылар мен мұғалімдерге арналған бастамалар мен ағымдағы бағдарламаларды іске асыруды, мұғалімдерге авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды әзірлеуде, әдістемелік қолдау көрсетуді, педагогикалық инновацияларды енгізуді көздейді.

2. Ынтымақтастықтың негіздері мен міндеттері

2.1. Тараптар осы Меморандумды іске асыру процесінде өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2.2. Осы Меморандумды орындау мақсатында Тараптар төмендегі бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады:

2.2.1. Мектеп мұғалімдерінің авторлық бағдарламаларын әзірлеу және шығару, әдістемелік қолдау, педагогикалық тәжірибені жетілдіру және жаңашылдық енгізу арқылы мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін арттыру.

2.2.2. Мектеп мұғалімдерінің сабақтарын, әдістемелік материалдарын «Мектеп» ғылыми-педагогикалық журналында жариялау.

2.2.3. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларының мазмұнын «Педагог» кәсіби стандартына сәйкес даярлау, педагогикалық қызметтің барлық түрлерін іске асыру үшін қажетті пәндік, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік, цифрлық және басқа да құзыреттерді қамту.

2.2.4. Мектеп оқушыларының шығармашылығын дамыту үшін әртүрлі шығармашылық жобалар мен конкурстар ұйымдастыру, оқушылардың ғылыми еңбектерін «Жас ғалым» балалар журналында жариялау.

2.2.5. Мектеп оқушыларының жазғы демалыстарын тиімді ұйымдастыру,

олардың білім беру және дамыту мақсатындағы бағдарламаларға қатысуын қамтамасыз ету.

2.2.6. Жалпы білім беру ұйымдарының оқушылары арасында әртүрлі пәндер бойынша дарынды балаларды анықтау және олардың қабілеттерін дамыту мақсатында олимпиадалар мен конкурстар өткізу, сондай-ақ білім алушылардың өздерін көрсету мүмкіндіктерін кеңейту.

2.2.7. Оқушылар мен мұғалімдерге арналған ақпараттық-әдістемелік қолдау көрсету, білім беру саласында педагогикалық инновацияларды енгізу және білім сапасын арттыру мақсатында бірлескен зерттеулер мен жобаларды жүзеге асыру.

3. Ынтымақтастық нысандары

3.1. Ынтымақтастық саласына жататын ақпарат алмасу (Тараптардың бір-біріне хабарламалар жіберуі, тараптар өкілдерінің кездесулерін ұйымдастыру және т.б. арқылы).

3.2. Тараптардың қызметіне қатысты және өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша пікір алмасу.

3.3. Осы Меморандумның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған бірлескен іс-шараларды жоспарлау.

3.4. Тараптар ынтымақтастығының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған шарттар (келісімдер) жасасу.

3.5. Тараптар меморандумның іске асырылу барысын жыл сайын қарайды және өзара тиімді ынтымақтастықтың қосымша бағыттары мен нысандарын айқындайды.

4. Қосымша шарттар

4.1. Осы Меморандумға қатысты Тараптардың ешқайсысына екінші Тараптың немесе Тараптардың міндеттемелері немесе борыштары жүктелмейді және Тараптардың ешқайсысы тиісті жекелеген келісімдер жасаспай екінші Тараптың немесе Тараптардың өкілі ретінде әрекет етпейді.

4.2. Тиісті келісімдер шеңберінде жеке ескертілген жағдайларды қоспағанда, әрбір Тарап осы Меморандумның талаптарын орындау кезінде туындайтын өз шығыстарын көтеретін болады.

4.3. Әрбір Тарап осы меморандум шеңберіндегі олардың ынтымақтастығына қатысты бөлігінде екінші Тараппен алдын ала келіспей жария мәлімдемелер жасамайды.

4.4. Тараптар арасындағы осы Меморандумның ұсыныстары бойынша орындалуына байланысты туындайтын келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешілуге тиіс.

5. Меморандумның қолданылу мерзімі және оны тоқтату тәртібі

8.1. Осы Меморандум 3 (үш) жыл мерзімге жасалады және оған тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді. Егер Меморандум мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын Тараптардың ешқайсысы осы Меморандумды бұзуға өз ниеті туралы мәлімдемесе, Меморандум әрбір келесі жылға ұзартылды деп есептеледі.

8.2. Тараптардың кез келгені осы Меморандумды біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы, бұл туралы екінші Тарапты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын жазбаша хабардар етеді.

6. Қорытынды ережелер

6.1. Тараптар екіжақты келіссөздер арқылы олардың арасындағы келіспеушіліктерді жою үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтын болады.

6.2. Осы Меморандумның кез келген өзгерісі, егер ол жазбаша нысанда жасалса және Тараптардың әрқайсысы қол қойса, жарамды болып табылады.

6.3. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа оның атауы, мекенжайы, телефон, интернет желісіндегі мекенжайы өзгергені туралы осындай өзгеріс күнінен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға міндеттенеді.

6.4. Осы Меморандум жасауда, Тараптар бір-біріне мынаны мәлімдейді:

- Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті түрде құрылған заңды тұлғалар болып табылады және олардың қызметі құрылтай құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

- Тараптардың атынан осы Меморандумға және оған қатысты барлық құжаттарға қол қоятын адамдар тиісті түрде лауазымға тағайындалды және осы Меморандумға және онымен байланысты барлық құжаттарға қол қоюға уәкілеттік берілді;

- осы Меморандумның қорытындысы Тараптардың құрылтай құжаттарының немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының ережелерін бұзбайды.

6.5. Осы Меморандум бірдей заңды күші бар екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалды.

6.6. Осы Меморандумға 2025 жылғы «27» «қаңтар» айында қол қойылды.

7. Тараптардың қолдары:

Шымкент қаласы білім
басқармасының «Әдістемелік
орталығы» КММ-і және қолдау
орталығы директоры



/Ш.С. Айтбаева /

М.О.

«Алтын Ұя» ЖШС ғылым-білімді
қолдау орталығы

БСН 001240002124

Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы,
Т. Әлібергенов көмесі, 3/1



/Ж.Қ. Төлтебай /

М.О.